## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 шілдедегі № 784 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

3) "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия жанындағы "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасының екінші және төртінші бағыттарын іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 және 2010 жылғы 10 маусымдағы № 556 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 тамыздағы 783 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия жанындағы "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасының екінші және төртінші бағыттарын іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Шардарбеков Еркін Шәріпбекұлы | - "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша), |
| Қалибеков Бекжан Жантөреұлы | - "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша), |
| Рау Альберт Павлович | - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі, |
| Ырсалиев Серік Әзтайұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, |
| Төлебаев Марат Еркінұлы | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі; |

мына:

| | |
|---|---|
| "Ибрагимова Ләззат Еркенқызы | - "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы басқармасы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)" |

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ибрагимова Ләззат Еркенқызы - "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының Басқарма төрайымы, төраганың орынбасары (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Марат Әбілахатұлы Оразаев, Берік Сайлауұлы Камалиев, Махаметғали Нұрғалиұлы Сарыбеков, Ғабит Амангелдіұлы Садырбеков және Болат Тельманұлы Мұқышев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК